

Жоба жұмысы

Жазбаша шығармашылық
жұмыстарын ұйымдастыру

Пәні: жазбаша шығармашылық
жұмыстарының әдіс-тәсілдері

Нысаны: жазбаша шығармашылық
жұмыстарына үйрету процесі

Мақсаты: Жазбаша шығармашылық
жұмыстарын жазудың әдіс-тәсілдерін таңдау;
оларды тиімді қолдану арқылы оқушылардың
шығармашылық қабілеттерін арттыру;
мәселеленің шешу жолдарын анықтап,
оқушының шығармашылығын дамыту
жолдарын ойластыру.

Міндеттері:

Оқушылардың жазбаша шығармашылық жұмыстарының жазуын кешенді жүйеге келтіру

Шығармашылық жұмыстарының ұйымдастыруын кеңінен қарастыру, оларға қоятын талаптарын жүйелеу

Оқушылармен жүргізілетін жұмыс түрлерін белгілеу

Сыни тұрғысынан ойлау технологиясының жазбаша шығармашылық жұмыстар жазуындағы басымдылығын дәлелдеу

Жоба жұмысының өзектілігі: қазақ тілін оқытудағы нормативтік құжаттарға, солардың ішінде стандарттар мен бағдарламаға ерекше тоқталсақ, қазіргі таңда құжаттардың талаптары, жазба жұмыстарының белгіленген нормалары анық емес, өйткені олар жаңа бағдарламаға сай болмай тұр.

Жоба жұмысының жаңашылығы: қазіргі таңда қазақ тілін оқытудағы қиындықтарының бірі – жазбаша шығармашылық жұмыстарын жазу, бұл мәселенің шешімі табылған емес. Бұл жұмыс балалардың шығармашылық қабілеттерін арттырудың қажеттілігін шындай отыра, мәселеге жаңа көзқарас білдіреді: заман талаптарына сай өзіндік ерекшелігі мол, болашаққа сенімді, ойы ұшқыр, озық ойлы тұлғаны қалыптастыру үшін шығармашылық жұмыстарының дербестігін дамыту керек.

Жазба жұмыстарын бағалау мен тексеру көрсеткіштері

Жазба жұмысының грамматикалық сауаттылығы



Жазба жұмысының мазмұны




Тілдік құралдары н пайдалану сапасы



Өз бетінше тілді қолдана алу дәрежесі

Оқушының қазақ тілі бойынша үлгерімі, білім сапасы туралы диаграммалары




Болжау:

Егер оқушылардың жазбаша шығармашылық жұмыстарының жазуын кешенді жүйеге келтірсек, көптеген қиыншылықтар жойылады. Шығармашылық жұмыстарының ұйымдастыруына жан-жақты қарап, оларды жүйеленген талаптарына сай орындауға жағдай жасай аламыз.

Сонда сыни тұрғысынан ойлау технологиясын басымдыққа алып, оқушылармен жүргізетін жұмыстар мазмұны анықталады.

Шығарма жазу критерийлері бойынша көрсеткіштері



Әдебиет бойынша диагностикалық көрсеткіштері

Қосымша оқып, талдауға
арналған
шығармаларды қабылдауы

- шығармаларды өз бетімен оқуы, түсінуі
- мұғалім басшылығымен зерделеу

Туындының тектік,
жанрлық
сипатын білу

- шығарманың көркемдік мазмұнын ашу
- кейіпкерлер мен оқиғаларды салыстыра пайымдауы

Көркем мәдени
құндылықтар жөнінде
пікір білдіру

- өзіндік көзқарасын азаматтық белсенділік тұрғысынан білдіру
- оқыған, талдаған шығарма жайлы пікір жаза алуы, алған білімін тәжірибеде қолдану

ӘР БАЛА – ЗЕРТТЕЛМЕГЕН ҚҰПИЯ,
ӘР БАЛА – БОЛАШАҚ ДАНЬШПАН



“Сөз өнерінен жасалып шығатын нәрсенің жалпы аты шығарма сөз, ол аты қысқартылып шығарма деп айтылады. Ауыз шығарған сөз болсын, жазып шығарған сөз болсын бәрі шығарма болады”.


Ахмет Байтұрсынұлы «Сөз өнері»

А.Байтұрсынұлы мәтіннің (шығарманың) тақырыптан, ал мәтін (шығарма) мазмұнының үш мүшеден, яғни аңдату, мазмұндау, қорытудан тұратынын көрсетті.

Шығарма жазу критерийлері бойынша көрсеткіштері

- оқушының дүниетаным-деңгейі;
- өз ойын бейнелі, қисынды пайымдауы;
- қорту дербестігі, негіздемелігі және дәлдігі;
- тақырыпты өз ойы арқылы толық аша білу;
- әдеби материалдарды пайдалана білу шеберлігі;
- сауаттылығы (орфографиялық, пунктуациялық,
- стилистикалық қателері).

Қазақ тілі мен қазақ әдебиеті пәнінен білім деңгейінің пайыздық көрсеткіштері



Сын тұрғысынан ойлау стратегиялары

Ассоциация

Интервью

Самаргайдинев

Сұраққою

Білемін

Бесжолдыкөлен

оқушалардың ой-қабілеттерін дамытады

Еркін ойлау қабілеттерін дамытады

Бір-бірің тыңдау, салыстыру қабілеттерін дамытады

Шығармашылық әрекеттерін дамытады

Қызығушылығын арттырады

Дербестік ойлау қабілеттерін дамытады

оқушылардың шығармашылық қасиеттерін арттырады.



Сыни тұрғысынан ойлау технологиясының жазба шығармашылық жұмыстарын жазуда тиімді қолдану

**Джиксо –
ұжымдық
оқыту әдісі**

Стратегиялар

**Екі түрлі
түсініктеме
күнделігі**

Еркін жазу

**Венн
диаграммасы**

Бесжолдық өлең

Сұрақтар қою

**Жазбаша
шығармашылық
жұмыстарын жазу
моделі**

Оқушы мынаны білген жөн

- тақырыбын әбден ойлап алып жазу, жоспарды тақырыпқа сай, нақты жасау, материалды іріктеген кезде ең негізгісін алу,
- реті мен жүйесін сақтау, тақырыптан ауытқымау, айтатын негізгі пікірлері жұмыстың негізгі бөлімінде болатынын есте сақтау, келтірілетін мысалдар, салыстырулардың негізгі пікірге байланысты болуы,
- айтылатын ой айқын, сөйлем орамды, түсінікті болуы,
- әр сөйлемді дәптерге жазар алдында стильдік қате жібермеуді ойлау , байқаған емелік қателер мен тыныс белгілерін бірден қойып, сауатты жазуға, дәптердің сыртқы көрінісіне көңіл бөлу

Мұғалімнің іс-әрекеттері

- Оқушыларды қызықтыра, ұғындыра оқыта шығармашылық жұмыстарына үйретуді ұйымдастыру
- оқушылардың шығармашылық қабілеті мен белсенділігін арттыру
- шығармашылық көңіл-күй тудыру үшін баланың назары бір нәрсеге бағытталуы керек
- жазба жұмыстарын жазуға дайындық барысында әдіс-тәсілдерін жаңарту және жетілдіру
- оқушыны өз ойын айқын, түсінікті жеткізуге үйрету, тілдік қабілеті дамыған дара тұлғаның дамуына мүмкіндік жасау.

Жазба шығармашылық жұмыстарының теориялық талаптары

- Аз сөзге терең мағына сыйғызу /нақтылық, дәлдік /
- ойын бейнелі, көркем айшықты да шешен оралымды пайдалана отырып жеткізу / ауызша да, жазбаша да /;
- ауызекі сөйлеу тіліндегі мәнерлік, айқындық, нақтылық, жүйелілік, еркіндік
- жазба тілдеріндегі жатықтық, сөздерді түрлендіре пайдалану, сауаттылық, жазу мәдениетіне қойылатын талаптарды меңгеру, қазақ әдебиеттен алған білімдерін қазақ тілі сабақтарында, қазақ тілінен білімдерін әдебиетте пайдалана білу

**Оқушылардың шығармашылық
қабілеттеріне бағытталған
ұстаз ұстанымы**

**Шәкіртіне
“Өзім бол!” демей
“Өзің бол!” дегені**

